

Ә. ТҮЗЕЛБАЕВА
«Қайнар» университеті

СЕМАНТИКАЛЫҚ УӘЖДІЛІК – СӨЗЖАСАМДЫҚ МАҒЫНА ТУДЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Аннотация

Мақалада уәждеме құбылысының анықтамасы нақтыланып, уәждеме теориясының негізгі ұғымдары мен түрлеріне сипаттама беріледі. Семантикалық уәждеменің атау берудегі заңдылықтары қарастырылады. Уәждеме мен сөзжасам арасындағы байланыстар мен айырмашылықтар көрсетіледі.

Тірек сөздер: тіл білімі, уәждеме, сөзжасам, мағына, атау, семантика.

Ключевые слова: языкознание, мотивация, словообразование, значение, номинация, семантика.

Keywords: linguistics, motivation, composition, value, category, semantics.

Уәждеме – жаңа атаулардың жасалуына, қалыптасуына негіз болатын қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін, туынды бірліктерді анықтайтын заңдылық. Сөздегі уәждеме табиғатын алғаш сөз еткен В.Гумбольдт еңбектерінде сөздің атау болып қалыптасуына себеп, негіз, уәж болатын белгілерін атады [1]. Негізінен алғанда, сөздің уәжділігі мен уәжсіздігі туралы ұғымды ғылыми айналымға енгізген Ф. де Соссюр болатын. Ғалымның пайымдауынша, сөзді таңба деп алсақ, оның екі жағы болады, бірі – бейне таңбаланушы, екіншісі – сөздің мазмұндық жағы [2]. Атауларға және туынды сөздерге, сонымен бірге сөзжасамдағы уәждеме мәселесіне қатысты жазылған зерттеулерден орыс тіл білімінде М.М.Копыленко, Д.Н.Шмелев, И.С.Улукханов, О.И.Блинова және т.б., қазақ тіл білімінде Қ.Ш.Құсайынов, Б.Қалиев, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Б.Қасым, К.Құрманалиев және т.б. еңбектерін атауға болады.

Уәждеме үрдісіне зерттеу жүргізілген профессор Б.Қасым бұл құбылысқа мынадай анықтама береді: «Уәждеме – сөздің дыбыстық таңбасы мен мағынасының арақатынасын саралауды талап ететін тілдік құбылыс. Заттар мен құбылыстардың алуан түрлі белгілері, қасиеттері адам санасында олар туралы берік түсінікті қалыптастырады. Бұл түсініктер адамзат тарихының бай тәжірибесімен тығыз байланысты. Уәждеме сөздің ішкі мағыналық құрылымымен анықталады» [3, 53].

Ғалым Ж.Манкеева атауларды оның атау сәтіндегі мағынасымен тарихи байланыста қарастыра отырып, атаулардың фоносемантикалық негізін анықтайды да, уәжділікті тілдік сипаты жағынан мынадай үш түрге бөліп қарастыруды дұрыс деп санайды: 1) дыбыстық уәж; 2) морфологиялық уәж; 3) семантикалық уәж [4, 65].

Уәждеме теориясын зерттеумен айналысып келе жатқан профессор А.Салқынбай бұл теорияның төмендегідей негізгі ұғымдарын келтіреді. **Уәжделуші тұлға** – жаңадан пайда болатын ұғымның уәжі, негізі болатын денотат. **Уәждеуші сөз** – шындық болмысты таңбалауда танылған нақты әрі тура мағыналы сөздер. **Уәждеделген сөз** – жасалу уәжін біріншілік номинация арқылы анықтауға болатын, мағыналық құрылымы күрделі туынды сөз. **Уәждеделген мағына** туынды сөздің немесе уәждеделген сөздің айрықша мағынасын көрсетеді. **Уәждемелік талдау** туынды сөздің тұлғалық және мағыналық мәнін көрсету үшін оның ішкі құрылымына негізіне сөзжасамдық талдау жасау арқылы анықталады [5, 54-64].

Қазақ тіліндегі атаулардың уәжділік сипатын оның тұрақтылығы мен қалыптасу деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлуге болады:

Уәжділік деңгейінің атау мағынасындағы сипатына қарай: 1) тура; 2) ауыспалы.

Сөздің уәжделу деңгейіне қарай: толық және жартылай.

Уәжділіктің жүйелі-жүйесіздігіне қарай: жүйелі және жүйесіз.

Уәжділіктің анық-анық еместігіне қарай: абсолюттік және абсолюттік емес.

Уәждің сөздің құрылымына қарай: түбірдегі және негіздегі уәжділік [5, 85].

Енді уәжділіктің осы түрлеріне берілген анықтамаларға қысқаша тоқталсақ.

Тура уәжділік – болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше бір белгісінің атау

мағынасында нақтылы көрініс табуы.

Ауыспалы уәжділік – болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше бір белгісінің абстрактілі ойлаудың нәтижесінде сәулеленіп, ұқсастық, жақындық, мәндестік негізінде атау мағынасында көрініс табуы.

Толық уәжділікте атауды уәждеуші негіздің мағыналары өз жұбын бұзбай, толықтай сақтап тұрады. Толық уәжділік туынды сөздерге қатысты болып, оны туғызушы тұлғалардың уәжі негізінде құралады.

Жартылай уәжділік дегеніміз – ішкі форма мен лексикалық мағына арасында ортақтықтың, жалпы қасиет пен белгінің болуы немесе заттың денотаттық қасиетінің таңбада жартылай ашылуы.

Жүйелі уәжділіктің табиғаты уәжділіктің ішкі болмысынан келіп шығады: кез келген атауды уәжді деп есептейтін болсақ, оның жүйесін анықтауға болар еді.

Жүйесіз уәжділік атаудың қабылданған таңбасы арқылы көрініс табатын ішкі мағыналық құрылымы мен заттық болмыс арасындағы ішкі мазмұндық, мәндік байланыстың болмауы немесе сақталмауы. Біз жүйесіз уәжділікке, негізінен, қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздерді жатқызамыз.

Абсолюттік уәжділікте атау өзінің негізгі мағынасын толық сақтап, туынды мағынаны тура мағына арқылы айқындайды. Абсолюттік уәжділік пен оның танылуы уақыт факторымен тығыз байланысты. Абсолюттік уәжділік белгілі бір кезеңдегі адамдардың тілдік қабылдауымен, дүниетанымдық өресімен тікелей байланысты. Жаңа атаудан құралған сөздер арқылы оның уәжділігі айқын көрініс табады. Мысалы: *ағаштың тамыры, ағаш жапырағы, ақбас гүл, қызыл гүл, қазақ университеті* т.б. деген терминдердің мағыналық құрылымы құрамындағы атаулардың мазмұны арқылы уәжделіп, жаңа ұғымды таңбалайды. Мұндай атаулардың уәжділігі сөздің ішкі мағыналық формасы бізге ап-айқын көрініп тұрады. Абсолюттік уәжділік тұрақты емес. Белгілі бір кезеңде сөйлеушілер үшін сөз мағынасы күңгірттенуі ықтимал. Абсолютті уәжділік онда жартылай не толық уәжділікке алмасады.

Абсолютті емес уәжділікте атауды туғызушы тұлғалар өзінің негізгі мағынасын толық сақтамайды, жаңадан жасалған екіншілік мағына ауыспалы мағынаның негізінде пайда болады. Абсолюттік емес уәжділіктің туындауы да уақыт факторымен тығыз байланысты. Уақыт ағымында адам баласының дүниетанымының өсуі, жетілуі сөз мазмұнының баюын, жетілуін, абстракциялануын туғызады. Осының нәтижесінде атау әуелгі мазмұны мен мағынасынан ажырап, заттар мен құбылыстардың қосалқы белгісі арқылы жаңа семалар туындайды. Заттық мағынаның негізгі семемасы абсолютті болады да, қосалқы семасы немесе абстрактілік арқылы туындаған екіншілік жаңа мағына заттың ішкі болмысына қатысты алғанда абсолютті емес уәжділік болып табылады [5, 86-95].

Сөзжасамдағы уәждеме теориясын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған ғалым И.С.Улуханов сөзжасамдық уәждемеде, кем дегенде, екі сөздің уәждемелік қарым-қатынасқа түсетіндігін айта келіп: а) екі сөз де бір түбірден тарайтындығын, ә) бір сөздің мағынасы екіншісіне толық немесе жартылай енетіндігін жазады[6].

Сөз тудыру процесінде семантикалық уәжділіктің атқаратын қызметі орасан зор. **Семантикалық уәжділік** бір атаудың екінші бір зат атауымен салыстырғандағы шарттылық байланысы арқылы түсіндіріледі. Мәселен, *балмұздақ* сөзі – «бал» және «мұз, мұзда (у)» тұлғалары мен сөзжасамдық -қ жұрнағының мағыналарының тоғысуы арқылы негізделіп жасалған [5, 78].

Семантикалық уәжділік типі мынадай заңдар арқылы жүзеге асады:

1) қарама-қарсылық заңы: *кел–кет, жақ – жау, бас – башай, тоқ – түк, ор–өр, оңу – өңу, кайт – кет, ызғар – ыстық* т.б.

2) ат ауысу заңы – ұқсастығы, жақындығына байланысты: *жабы–жаман, ұйы– ұйым, ұйыс, ұйық, ұйымдасу, ұйымшылдық, той–той, тоқ;*

3) ұқсату заңы – *балықкөз* (балықтың көзіне ұқсастығына уәждеделген), *атқұлақ* (аттың құлағына ұқсас уәждеделген), *түйетабан* (түйенің табанына ұқсас уәждеделген), *қырыққабат* (қабат-қабат болып келетін қасиетіне уәждеделген) т.б. [5, 78-79].

Семантикалық тәсіл негізінде жасалған сөздердің уәждеделу құбылысын зерттеудің өзектілігін мынадан байқауымызға болады.

1. Ф. де Соссюр айтқандай «сөздер бір-бірінің тууына негіз болмайынша, тілдің дамуы мүмкін

емес».

2. Тілдік таңбалардың бірін-бірі уәждеуінде сөзжасамдық процестердің атқаратын қызметі зор.

3. Уәжділіктің ерекше құбылысы саналатын уәжділік қатынастар синонимдік, антонимдік жүйелермен ортақ қасиетке ие. Себебі олардың мағыналық қырлары бір-бірімен байланысты.

4. Семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер арасында уәжділік қатынас болғанмен, олардың ішкі мағынасы мен қызметінде айырмашылықтармен қоса ұқсастықтар да болады. Уәждеуші сөз уәждеделген сөздің семантикасына, қолдану жағдайына әсер етеді.

Семантикалық уәждемеде мағынаның дамуы арқылы жаңа номинация пайда болса, морфологиялық уәждемеде сөзге сөз тудырушы тұлғалардың жалғануы арқылы сөз жасалады, ал фонетикалық уәждемелуді еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздердің уәждемелуі деп танымыз. Шындығында, тілдегі сөздердің барлығы дыбыстан тұратын болғандықтан, кез келген сөздің (мейлі ол еліктеуіш немесе бейнелеуіш сөз болсын) белгілі бір таңба негізінде уәждеделгені – айқын құбылыс.

Ғалым Е.А.Земская сөзжасамдық уәждемені негізгі және шеткері (периферийные), тура және ауыспалы деп бөледі. Негізгі уәждемеде туынды сөздің негізгі (атаулық) мағынасы туынды сөздің құрамына толықтай енеді (*үй – үйшік*). Шеткері уәждемеде тудырушы сөз бен туынды сөзге ортақ семантикалық элементтің туынды сөздің семантикалық құрылымына енуі міндетті емес. Тура уәждемеде туынды сөздің мағынасы тудырушы сөздің тура мағынасынан шығады (*ақ – ағарту*). Ауыспалы уәждеме реальды және ассоциативті ауыспалы уәждеме болып екіге бөлінеді. Реальды ауыспалы уәждеме мағынасы негізгі сөздің ауыспалы мағынасынан шығатын туынды сөздерге (*маймылдану, қораздану*), ал ассоциативті ауыспалы уәждеме, мысалы, «данышпан» – «ақылгөй адам», «данышпансу» – «жөні жоқ ақыл айту» сияқты жұптарға тән болады [7, 24-31].

Уәждемелік және сөзжасамдық мағыналардың арасында генетикалық тұрғыдан тікелей байланыс болған. Мысалы, сөздердің бірігуі, конверсиялануы және т.б. тәсілдерді қоспағанда, сөз тудырушы жұрнақтардың да қызметін уәждеуші мағынаға жатқызуға болады. *Балық + шы* деген сөздегі *-шы* жұрнағы уәждеуші белгіні сипаттаушы құрал, алайда бұл жұрнақтардың уәждеуші белгімен байланысы барған сайын әлсіреген. Белгілі бір объектіге қатысты, яғни «балық шаруашылығының қызметкері» деген атау жасай отырып, бұл жұрнақ морфемалық-сөзжасамдық парадигмаға енген. Демек, сөзжасамның басқа тәсілдерін есепке алмағанның өзінде, сөз тудырушы жұрнақтардың диахрондық тұрғыдан лексикалық және уәждемелік мағынасы болған деген қорытынды жасауға болады.

Уәждеме мен сөзжасамның айырмашылығы – уәждемелік-сөзжасамдық құрылымның ішінде олардың элементтері тұтас уәждеделген сөзге қатысты әртүрлі қызмет атқаратындығында. Мысалы, сөздердің бірігуі арқылы жасалған туынды атауға осы атауды құрайтын екі немесе одан да көп сөздердің біреуінің мағынасы – негізгі уәждеуші мағына болса, бұл жердегі сөзжасамдық мағына атауды құраушы сөздердің мағыналарының «қосындысынан» келіп шығады. Сондықтан уәждеме – сөзжасамдық мағына тудыруда маңызы аса зор, әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыратын, тіліміздегі барлық сөздердің алғашқыда танымдық уәждемелу арқылы, кейіннен тілдік (фонетика-семантикалық, семантикалық, синтетика-семантикалық, аналитика-семантикалық) уәждемелу арқылы туындайтын мағыналары нәтижесінде адамзат баласының тілдік қажеттілігін қанағаттандыратын заңдылық деп тануымызға болады.

ӘДЕБИЕТ

1 Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человека // Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. –М., 1984. –С.20-21.

2 Соссюр Ф. Труды по языкознанию / Пер. с франц. яз. под ред. А.А.Холодовича; Ред. М.А.Оборина; Предисл. проф. Н.С.Чемоданова. –М.: Прогресс, 1977. –696 с.

3 Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. –Алматы, 2001. –119 бет.

4 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері / Ж. А. Манкеева. –Алматы: Жібек жолы, 2008. –354 б.

5 Салқынбай А.Б. Қазақ сөзі: уәжділі мен тектілігі. –Алматы: Қазақ университеті, 2010. –206 бет.

6 Улукханов И.С. Словообразовательная семантика в русском языке и принципы ее описания. –М.: Наука, 1977. –256 с.

7 Земская Е.А. Словообразование как деятельность. –М.: Наука, 1992. –221 с.

TUZELBAEVA A.

Магистрант II курса университета «Қайнар»

СЕМАНТИЧЕСКАЯ МОТИВАЦИЯ – ОСНОВА СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЗНАЧЕНИЯ

Резюме

В статье уточняется определение мотиваций, описываются основные понятия теории мотиваций и ее виды. Рассматриваются номинативные закономерности семантической мотиваций. Определяются связи и особенности мотиваций и словообразования.

TUZELBAEVA A.

II year undergraduate university «Қайнар»

SEMANTIC MOTIVATION – BASIS DERIVATIVE SEMANTICS

The paper clarifies the definition of «derivational meaning» describes the similarities and differences derivational values with lexical and grammatical meanings. We consider the types of word-formation, and their main features.